



Орнату, пайдалану және
техникалық қызмет
көрсету нұсқаулығы

Bio-Pure



ITT

ENGINEERED FOR LIFE



Мазмұны

Кіріспе және қауіпсіздік	2
Қауіпсіздік туралы хабар деңгейлері	2
Пайдаланушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі	2
Тасымалдау және сақтау	5
Ұстау және қаптамадан шығару нұсқаулары	5
Сақтау, тастау және қайтару талаптары	5
Өнім сипаттамасы	6
Bio-Pure клапанын анықтау	6
Қалпақ сипаттамасы	7
Клапан мембранасының идентификаторы	7
Орнату	9
Клапанды және жетек құрылғыларын орнату	9
Жетек құрылғыларын клапанға орнатыңыз.	9
Қалпақ бекіткіштерін қатайту	10
Клапан корпусын жетек құрылғыларына бекіту моменттерінің кестесі	10
Пайдалану	11
Жетектің жұмыс қысымы	11
Техникалық қызмет көрсету	12
Сақтық шаралары	12
Тексеру	12
Клапанды бөлшектеу	13
Клапан мембранасын ауыстыру	13
Қолмен реттелетін клапанға арналған жылжу (жабылу) тоқтатқышы	15
Жылжу (жабылу) тоқтатқышын ауа қысымымен реттеңіз	15
Жылжу (жабылу) тоқтатқышын ауа қысымынсыз реттеңіз	15
Майлау талаптары	16
Бөлшектердің тізімі мен көлденең қима сызбалары	17
Қолмен реттелетін Bio-Pure жетек құрылғылары	17
Қолмен реттелетін Bio-Pure COP жетек құрылғылары	18
Bio-Pure AXS жетегі	19

Кіріспе және қауіпсіздік

Қауіпсіздік туралы хабар деңгейлері

Анықтамалар

Қауіпсіздік туралы хабар деңгейі	Нышаны
 ҚАУІП:	Алды алынбаса мерт болуға немесе ауыр жарақат алуға себеп болатын қауіпті жағдай
 ЕСКЕРТУ:	Алды алынбаса мерт болуға немесе ауыр жарақат алуға себеп болуы мүмкін қауіпті жағдай
 АБАЙЛАҢЫЗ:	Алды алынбаса жеңіл немесе орташа жарақат алуға себеп болуы мүмкін қауіпті жағдай
 Ток соғу қаупі:	Нұсқаулар тиісті түрде орындалмаған жағдайда ток соғу қаупі болуы мүмкін
ХАБАРЛАНДЫРУ:	<ul style="list-style-type: none"> Алдын алмаған кезде жағымсыз нәтижеге немесе күйге себеп болуы мүмкін жағдай Жарақат алуға қатысы жоқ жағдай

Пайдаланушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі

Жалпы сақтық шаралары

Бұл өнім жоғары дайындау сапасымен және сапалы материалдармен жобаланып, өндірілген, сондай-ақ ол барлық тиісті салалық стандарттарға сәйкес келеді. Бұл өнімді ИТТ компаниясының ұсыныстарына сай келетін түрде ғана қолдану керек.



ЕСКЕРТУ:

- Клапан дұрыс қолданылмаса, адамдар жарақат алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін. Тиісті материалдардан жасалған клапандар мен клапан құрамдас бөліктерін таңдаңыз, сондай-ақ олар сіздің жұмыс талаптарыңызға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Осы өнімді дұрыс қолданбау түрлеріне төмендегілер кіреді (олармен шектелмейді):
 - қысым не температура номиналынан асу;
 - өнімді ұсыныстарға сәйкес күтіп ұстамау;
 - осы өнімді жасау үшін қолданылған материалдары сәйкес келмейтін жұмыс ортасын ұстап тұру немесе басқару үшін қолдану.
 - Қызметкерлер мен ортаны клапаннан шыққан заттан қорғау үшін түпкі пайдаланушы қауіпті жұмыс ортасын ұстап қалуға немесе одан қорғауға арналған тиісті шараларды қамтамасыз етуі керек.
 - Өнімде қандай да бір ағып кету белгісі байқалса, оны пайдаланбаңыз. Өнімді оқшаулап, оны осы нұсқаулықта сипатталғандай жөндеңіз не ауыстырыңыз.

Біліктілік және оқыту

Клапанды құрастыруға, пайдалануға, тексеруге және оған техникалық қызмет көрсетуге жауапты персонал тиісті біліктілікке ие болуы керек. Пайдаланатын компания мына тапсырмаларды орындауы тиіс:

- Осы жабдықты пайдаланатын барлық персоналдың жауапкершіліктері мен құзыретін белгілеу.
- Нұсқау беру және оқытудан өткізу.
- Персоналдың пайдалану нұсқауларын толық түсінуін қамтамасыз ету.

Нұсқау беру және оқыту шараларын пайдаланатын компанияның тапсырысы бойынша ІТТ немесе клапан дилері өткізе алады.

Сәйкес келмеу тәуекелдері

Барлық сақтық шараларын ұстанбау салдарынан мына жағдайлар орын алуы мүмкін:

- электр, механикалық және химиялық әсерлер салдарынан мерт болу не ауыр жарақат алу;
- қауіпті заттардың ағып кетуі салдарынан қоршаған ортаға зиян келуі;
- өнімге зақым келуі;
- мүлікке зақым келуі;
- залал өтемақысын талап ету құқығынан айырылу.

Пайдалануға қатысты сақтық шаралары

Осы өнімді пайдаланған кезде мына сақтық шараларын ескеріңіз:

- Қауіп көзі болса, өнімнің ыстық не суық құрамдас бөліктерін тиіп кетуден қорғаусыз қалдыруға болмайды.
- Өнім жұмыс істеп тұрғанда, қозғалатын бөліктердің тиіп кету қорғағышын шешіп алмаңыз. Өнімді тиіп кету қорғағышын орнатпай пайдалануға болмайды.
- Өнімге заттарды іліп қоюға болмайды. Кез келген керек-жарақ мықтап не біржола бекітілуі тиіс.
- Өнімді басқыш немесе қолмен ұстайтын жер ретінде қолдануға болмайды.
- Идентификациялық затбелгіні, ескертулерді, ескертпелерді немесе өнімге қатысты басқа идентификациялық белгілерді бояп тастауға болмайды.
- 380°C | 716°F не одан жоғары температураларда термомыдырау салдарынан ПТФЭ мембраналарынан уытты түтін шығады.

Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары

Осы өнімге техникалық қызмет көрсеткен кезде мына сақтық шараларын ескеріңіз:

- Күйдіргіш химиялық заттар сияқты зиянды заттар қолданылған болса, өнімді тазалау керек.
- Сырттан іске қосылатын клапандарға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын клапан пайдаланудан алынғаннан кейін ғана атқару қажет.
- Жұмыстарды атқарып болғаннан кейін, барлық қауіпсіздік және қорғау жабдығы дереу қайта орнатылуы немесе қайта іске қосылуы тиіс.
- Қайта пайдалана бастамас бұрын, мына бөлімдердегі жайттарға назар аударыңыз.

Рұқсатсыз бөлшектердің қолданылуы

Алдымен ІТТ компаниясымен ақылдаспай өнімді қайта құруға немесе өзгертуге тыйым салынады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ІТТ компаниясы рұқсат берген түпнұсқалы қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтарды қолдану қажет. ІТТ компаниясы шығармаған бөлшектердің қолданылуы өндіруші жауапкершілігінің күшін жоюы мүмкін. ІТТ бөлшектерін ІТТ компаниясы жабдықтамаған өнімдермен бірге қолдануға болмайды, әйтпесе осылай бұрыс пайдалану салдарынан барлық жауапкершіліктің күші жойылуы мүмкін.

Түпнұсқалы ІТТ мембраналарынан басқа мембраналардың қолданылуы клапандар саласының MSS SP-88 стандартына қайшы келеді. Клапан қысымына, температурасына және жалпы өнімділігіне кепілдік берілмейді.

Рұқсат берілмейтін пайдалану түрлері

Осы өнімнің сенімді жұмыс істеуіне ол жобаланғандай қолданылған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Идентификациялық затбелгіде және техникалық төлқұжатта

көрсетілген жұмыс шектеулерінен ешбір жағдайда асуға болмайды.
Идентификациялық затбелгі жоқ немесе тозған болса, арнайы нұсқау алу үшін ІТТ компаниясына хабарласыңыз.

Қолмен реттелетін клапандарды пайдалану үшін ұзартқыш темірлерді қолдануға болмайды. Клапанға зақым келуі немесе персонал жарақат алуы мүмкін.

Тасымалдау және сақтау

Ұстау және қаптамадан шығару нұсқаулары

**АБАЙЛАҢЫЗ:**

Өнімді ұстаған кезде, жазатайым оқиғалардың алдын алуға қатысты тиісті стандарттар мен ережелерді әрдайым ұстаныңыз.

Ұстау нұсқаулары

Зақым келтірмеу үшін өнімді ұстаған кезде мына нұсқауларды орындаңыз:

- Өнімді абайлап ұстаңыз.
- Орнататын кез келгенше қорғағыш қақпақшалар мен қақпақтарды алмаңыз.

Қаптамадан шығару нұсқаулары

Өнімді қаптамадан шығарған кезде мына нұсқауларды орындаңыз:

1. Жеткізілген кезде қаптамадағы заттардың зақымдалмағанын немесе барлығы бар екенін тексеріңіз.
2. Қабылдау және жүк құжатына зақымдалған немесе жетіспейтін бұйымдарды жазыңыз.
3. Электр сымдарынан ұстатып көтеруге немесе тартуға болмайды. Әйтпесе РОС қосқыштарының калибрленуі бүлінеді.

Сақтау, тастау және қайтару талаптары

Сақтау

Клапанды жеткізілген кезде бірден орнатпайтын болсаңыз, оны төмендегідей сақтаңыз:

- Өнімді температурасы тұрақты ұсталатын құрғақ бөлмеде сақтаңыз.
- Өнімдер бірінің үстіне бірі қойылмағанына көз жеткізіңіз.

Тастау

Осы өнімді және оған қатысты құрамдас бөліктерді ұлттық, аймақтық және жергілікті ережелерге сай тастау керек.

Қайтару

ІТТ компаниясына өнімді қайтарудан бұрын, мына талаптардың орындалуын қамтамасыз етіңіз:

- Өнімді қайтаруға қатысты арнайы нұсқауларды алу үшін ІТТ компаниясына хабарласыңыз.
- Клапанды барлық қауіпті заттардан тазалаңыз.
- Клапанда қалуы мүмкін кез келген технологиялық сұйықтық үшін Материалдың қауіпсіздік төлқұжатын немесе Технологиялық төлқұжатты толтырыңыз.
- Зауыттан Материалды қайтару рұқсатын алыңыз.

Өнім сипаттамасы

Bio-Pure клапанын анықтау

Модель нөмірі

Bio-Pure модель нөмірлерінде мыналар болады:

#-кесте: 1 Корпус түрі

Код	Сипаттама
BP	Қалып

#-кесте: 2 Мембрана түрі

Код	Сипаттама
17	ЭПДМ
TM17	ПТФЭ

#-кесте: 3 Қолмен реттелетін жетек құрылғылары

Код	Сипаттама
BPM	Қолмен реттелетін қалпақ
BPMC	Тығыздалған қолмен реттелетін қалпақ (COP)

#-кесте: 4 Жетекті құрылғылар


Код	Сипаттама
AXS29	Ақау пайда болған кезде жабылатын, 90# серіппе жинағы
AXS26	Ақау пайда болған кезде жабылатын, 60# серіппе жинағы
AXS1	Ақау пайда болған кезде ашылатын
AXS3	Қос әрекетті

#-кесте: 5 Мысалдары

Модель нөмірі	Сипаттама
BP-TM17-BPM	ПТФЭ мембранасы және қолмен реттелетін қалпағы бар Bio-Pure қалыбы
BP-17-AXS29	ЭПДМ мембранасы және ақау пайда болған кезде жабылатын 90# серіппе жинағы бар Bio-Pure қалыбы

Идентификациялық затбелгі

Жетекті клапандарда модель нөмірі ITT идентификациялық затбелгісінде көрсетілген.



#-сурет: 1

Жолақ	Сипаттама
1	Клапанның сериялық нөмірі
2	Клапан өлшемі және модель нөмірі
3	Жетектің жұмыс режимі
4	Ұсынылған максималды іске қосу қысымы

Қалпақ сипаттамасы

Қолмен реттелетін және жетекті қалпақ

Қолмен реттелетін қалпақ пен жетекті қалпақ тығыздалмаған болады және олардың мембрана жыртылған жағдайда технологиялық сұйықтықтың ағып кетуіне мүмкіндік беретін ағызу тесігі болады.

Тығыздалған қолмен реттелетін қалпақ (COP)

Тығыздалған қолмен реттелетін қалпақта (COP) ағызу тесігі немесе V пішінді ойық түріндегі желдету тығыны болмайды. Қолмен реттелетін COP жетек құрылғыларын олар клапан корпусына орнатылып тұрғанда ғана тазалауға (батыруға) болады.

Клапан мембранасының идентификаторы

Мембрана құлақшаларының кодтары

Барлық мембрана материалдарын және физикалық сипаттарын мембрана құлақшаларына құйылып басылған тұрақты кодтар арқылы топтамалар бойынша табуға болады. Формаға құю күні, мембрана сұрыбы және өлшемі арқылы бастапқы топтама жазбаларын табуға болады.

#-сурет: 2 Эластомер мембранасының алдыңғы жағы



1. Күн коды
2. Топтама коды



1. Жабдықтаушы коды
2. Материал коды

#-сурет: 3 Эластомер мембранасының артқы жағы



1. Күн коды
 2. Материал коды
- #-сурет: 4 ПТФЭ мембранасы**

Орнату

Клапанды және жетек құрылғыларын орнату

ХАБАРЛАНДЫРУ:

Жетек құрылғыларының өлшемі мен конфигурациясы іс жүзіндегі жұмыс қысымын шектеуі мүмкін. Қысым шектеулерін Pure-Flo каталогінен қараңыз. Вакуумдық жұмыс бойынша зауытпен ақылдасыңыз немесе техникалық каталогті қараңыз.

Жетекті орнатудан бұрын мына ақпаратты ескеріңіз:

- Клапанның максималды жұмыс қысымы — 10,34 бар | 150 фунт/ш. дюйм (маном.). Бұл қысым 38°C | 100°F температурасына қатысты. Қысымы максималды клапандарды максималды температураларда қолдануға болмайды.
- Жетектің максималды жұмыс қысымы — 6,9 бар | 100 фунт/ш. дюйм.

1. Сіздегі клапан дәнекерленетін болса, мыналарды ескеріңіз:

Дәнекерлейтін болсаңыз ...	Онда ...
Қолмен	Жетек құрылғыларын шешіп алыңыз.
Желіге орнатылады	Автоматты жабдықпен дәнекерлеуге болады. Дәнекерлеуден бұрын: 1. Жетек құрылғыларын шешіп алыңыз (қосымша). 2. Орнатылған күйде қалса, клапанды ашық қалыпқа орнатыңыз. 3. Клапан арқылы дұрыстап инертті газ айдаңыз.

2. Клапанды орнатыңыз.
3. Қысымды жоғарылатудан бұрын (клапан сәл ашық тұрғанда), қалпақ бекіткіштерін қатайтыңыз.
Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Қалпақ бекіткіштерін қатайту](#) (бет 10).
4. Жетекті құрылғылар қолданылған жағдайда, ауа желісін жалғаңыз.
Қосылыс өлшемі — 1/8 дюйм NPT.
5. Дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін клапанды екі-үш цикл жұмыс істетіңіз.

Жетек құрылғыларын клапанға орнатыңыз.

1. Жетекті құрылғылар қолданылған жағдайда, ауа қысымын реттеңіз.

Жетек құрылғылары мынадай болса ...	Онда ауа қысымын реттеңіз ...
AXS1, AXS3	Компрессорды ұзарту үшін жоғарғы қақпақта.
AXS26, AXS29	Клапан мембранасын дұрыс орналастыру үшін төменгі қақпақта.

2. Клапан мембранасын орнатыңыз.
Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Клапан мембранасын ауыстыру](#) (бет 13).
3. Клапан корпусын құрастырып, қалпақ бекіткіштерін қатайтыңыз.
Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Қалпақ бекіткіштерін қатайту](#) (бет 10).
4. Жылжу (жабылу) тоқтатқышы бар болса, дұрыс жабылуды қамтамасыз ету үшін оны қалпына келтіріңіз.
Қосымша ақпарат алу үшін осы нұсқаулықтағы Жылжу (жабылу) тоқтатқышын реттеу бөлімін қараңыз.

Қалпақ бекіткіштерін қатайту



АБАЙЛАҢЫЗ:

Жүйе қысымы немесе температура жоғары болғанда (38°C-тан | 100°F-тан жоғары) бекіткіштерді қатайтуға болмайды.

1. Жүйе қысымын түсіріңіз.
2. Мембрананы клапан сәл ашық болатындай етіп орналастырыңыз.
Жетегі бар клапандарда клапанды қозғалту үшін ауа қысымын қолдану керек болуы мүмкін.
3. Қалпақ бекіткіштерін айқас үлгіде қатайтыңыз.
Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Клапан корпусын жетек құрылғыларына бекіту моменттерінің кестесі](#) (бет 10).
4. Моментті кестедегі соңғы мәнге жеткізу үшін бірнеше рет айқас жүріп өтіп қатайтыңыз. Әрбір бекіткішті моментпен ең көбі 5% айырмашылық болатын етіп бірдей қатайту үшін кестедегі мәндерді қолдана отырып, қосымша айқас жүріп өтіп қатайтыңыз.
5. Жүйе жұмыс қысымы мен температурасына жеткен кезден бастап 24 сағат циклмен қоршаған орта жағдайында қайта қатайтыңыз.
6. Клапаннан сұйықтық ағып кетпеуін бақылаңыз:

Сұйықтық ағып кетсе ...	Онда ...
Корпусты/қалпақ фланецін тығыздау аймағында орын алады	Жүйе қысымын түсіріп, қалпақ бекіткіштерін жоғарыда айтылғандай қайта қатайтыңыз.
Жалғасады	Жүйе қысымын түсіріп, қалпақ бекіткіштерін жоғарыда айтылғандай қайта қатайтыңыз. (ең көбі 3 рет қайта қатайту)
Жалғасады	Клапан мембранасын ауыстырыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Клапан мембранасын ауыстыру](#) (бет 13).

Клапан корпусын жетек құрылғыларына бекіту моменттерінің кестесі

Майланатын бекіткіштерге қатысты мәндер көрсетілген.

Клапан өлшемі		Болт өлшемі		ПТФЭ мембранасы		Эластомер мембранасы	
DN	дюйм	метрлік	британдық	Н-м	дюйм-фунт	Н-м	дюйм-фунт
Bio-Pure (8, 10, 15)	Bio-Pure (0,25, 0,375, 0,50)	M4	Жоқ	1,7-2,0	15-18	1,4-1,7	12-15

Пайдалану

Жетектің жұмыс қысымы

Рұқсат етілген максималды ауа қысымы

бар	кПа	фунт/ш. дюйм
6,9	690	100

Жетектің номиналды қысымы

Жетек номиналды қысымнан әлдеқайда жоғары қысымдарға жарылып кетпей төтеп бере алады. Жұмыс қысымы номиналды қысымға тең не одан төмен ұсталса, жұмыс құрамдас бөліктерінің қызмет ету мерзімі оңтайлы болады.

бар	кПа	фунт/ш. дюйм
6,9	690	100

Техникалық қызмет көрсету

Сақтық шаралары



ЕСКЕРТУ:

- Барлық процедураларды білікті персонал орындауы тиіс.
- Технологиялық сұйықтық қауіпті, жоғары не төмен температуралық (ыстық не суық) немесе коррозивті болған жағдайда, қосымша сақтық шараларын қолданыңыз. Тиісті қауіпсіздік құралдарын қолданып, технологиялық жұмыс ортасының ағып кетуін тоқтатуға дайын болыңыз.
- Ақау пайда болған кезде ашылатын немесе қос әрекетті жетектің жоғарғы қақпағындағы тығыздағыш сақина істен шықса, ауыстыру бумасындағы (бар болса) қысым артуы мүмкін. Мұның салдарынан ауыстыру бумасы кенет істен шығып, оның қақпағы жоғары жылдамдықпен атылуы мүмкін. Тығыздағыш сақина мына себептерге байланысты істен шығуы мүмкін:
 - тығыздағыш сақинаға зақым келу;
 - тығыздағыш сақина материалының бүлінуі;
 - уақыт өте тығыздағыш сақинаның тозуы.
- Көздерді, бетті, қолдарды, теріні және өкпені желідегі сұйықтықтан қорғау үшін әрдайым қорғану киімі мен жабдығын кию керек.
- Жетекті объектіде бөлшектеуге болмайды. Жетекте жарақатқа себеп болуы мүмкін қуаттандырылған серіппелер бар. Өнім тұтас күйінде тасталуға арналған.



АБАЙЛАҢЫЗ:

- Жетекке немесе автоматикалық құрамдас бөліктерге қызмет көрсетуден бұрын, электр, пневматикалық және гидравликалық қуатты ажыратыңыз.

Тексеру

Жетекті бөлшектеу және қайта құрастыру мүмкін емес.

Тексерілетін жер	Қарап шығатын нәрселер:	Проблема табылған кезде қолданылатын әрекет
Сыртқы клапан бөлшектері	Шамадан тыс тозу не коррозия	<ul style="list-style-type: none"> • Әсерге ұшыраған бөлшектерді ауыстырыңыз • Қосалқы бөлшектерді немесе арнайы нұсқауларды алу үшін ІТТ компаниясына хабарласыңыз
Тығыздалмаған қалпақ	Тығыннан сұйықтықтың ағуы	Клапан мембранасын ауыстыру
Жетек қалпағының ағызу тесігі және ауа саңылаулары	Ауа қысымы	Арнайы нұсқауларды алу үшін ІТТ компаниясына хабарласыңыз
Жетек құрылғылары	Шпиндельдің байлануы, шамадан тыс шу немесе жағармайдың қатып қалуы	<ul style="list-style-type: none"> • Қолмен реттелетін жетек құрылғыларында клапан шпинделін майлаңыз • Жетекті құрылғыларда арнайы нұсқауларды алу үшін ІТТ компаниясына хабарласыңыз
Қолмен реттелетін COP жетек құрылғыларына арналған тығыздағыш сақина	Тозу не нақыз белгілері	Тығыздағыш сақинаны ауыстырыңыз
Мембрана және клапан корпусы	Мембрана мен клапан корпусының арасынан сұйықтықтың ағуы	Қалпақ бекіткіштерін қатайту

Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз:

- [Клапан мембранасын ауыстыру](#) (бет 13)
- [Қалпақ бекіткіштерін қатайту](#) (бет 10)

Клапанды бөлшектеу

1. Желідегі барлық қысымды шығарыңыз.
2. Жетектің жұмыс режимі ақау пайда болған кезде ашылатын немесе жабылатын болса, жетекке ауа жіберіңіз.

Жетектің жұмыс режимі мынадай болса ...	Онда ...
Ақау пайда болған кезде ашылатын	Клапанды жартылай жабу үшін жетекке жеткілікті ауа жіберіңіз.
Ақау пайда болған кезде жабылатын	Клапанды жартылай ашу үшін жетекке жеткілікті ауа жіберіңіз.

3. Қалпақ бекіткіштерін алып тастаңыз.
4. Жетек құрылғылары жинағын клапан корпусынан көтеріңіз.
5. Жетектің жұмыс режимі ақау пайда болған кезде ашылатын болса, жетектен қысымды шығарыңыз.

Клапан мембранасын ауыстыру

1. Клапанды бөлшектеңіз.
Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Клапанды бөлшектеу](#) (бет 13).
2. Мембрананы компрессордан сырғып шығатындай етіп 90°-қа бұрау арқылы мембрананы шешіп алыңыз.
Соның орнына салынатын мембрананың сұрыбы бастапқы мембрананыкімен бірдей болуы керек.
3. ПТФЭ мембранасын ауыстырған жағдайда, жаңа эластомер тығыздағыш төсемді мембранадағы қалың жер үстіне орналастырыңыз.
Тығыздағыш төсемнің болттарының орындарын мембранаға дәлдеңіз.



4. Жетегіңіз ақау пайда болған кезде ашылатын немесе қос әрекетті жетек болса, компрессорды шығару үшін жоғарғы камераға ауа жіберіңіз.
5. Мембрананың шеттерін саусақтарыңызбен ұстап тұрып, мембрана бетінің ортасын бас саусақтарыңызбен басу арқылы мембрананы аударыңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ:

Мембрананы аударған кезде, оның жиегін сызып алмаңыз.



6. Мембрананы компрессорға кіргізіңіз.
- a) Айқас істікшелі мембрана өзекшесін компрессорға кіргізіңіз.
 - b) Істікшені компрессорда ұстату үшін мембрананы 90°-қа бұраңыз.
 - c) Істікше компрессорға орныққанына көз жеткізу үшін мембрананы абайлап тартыңыз.
- Сондай-ақ мұның арқасында мембрана болттарының орны қалпақ болттарының орнына дұрыс келтіріледі.



7. ПТФЭ мембранасын ауыстырған жағдайда, мембрананы қайта аударыңыз.



8. Жетектің жұмыс режимі ақау пайда болған кезде ашылатын немесе жабылатын болса, мына қадамдардың бірін таңдаңыз.

Жетектің жұмыс режимі мынадай болса ...	Онда ...
Ақау пайда болған кезде ашылатын	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ауа желісін жоғарғы жетек камерасына жалғаңыз. 2. Камера қысымын ұсынылған толық ауа қысымына жеткізіңіз. Мембрананың аударылуына жол бермеуге жеткілікті ауа қысымын қолдану керек. 3. Қысымды мембрананың артқы жағы қалпақпен тегіс болғанша азайтыңыз.

Жетектің жұмыс режимі мынадай болса ...	Онда ...
Ақау пайда болған кезде жабылатын	1. Ауа желісін қалпақ цилиндріне жалғаңыз. 2. Мембрананы оның артқы жағы қалпақпен тегіс болғанша жоғары жылжыту үшін камераға жеткілікті ауа жіберіңіз. Мембрананың аударылуы себеп болатын артық ауа қысымын қолданбаңыз.
Қос әрекетті	Ауа желісін алып тастаңыз.

- Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Қалпақ бекіткіштерін қатайту](#) (бет 10).
- Жетектің жұмыс режимі ақау пайда болған кезде ашылатын болса, ауаны шығарып, клапанның ашылуына жол беріңіз.
- Жылжу (жабылу) тоқтатқышы бар болса, дұрыс жабылуды қамтамасыз ету үшін оны қалпына келтіріңіз.
Қосымша ақпарат алу үшін мына бөлімді қараңыз: [Жылжу \(жабылу\) тоқтатқышын реттеу](#) (бет).

Қолмен реттелетін клапанға арналған жылжу (жабылу) тоқтатқышы

Жылжу тоқтатқышы барлық қолмен реттелетін клапан конфигурацияларында болады. Жылжу тоқтатқышының мақсаты — клапанның тым қатты жабылуына жол бермей, мембрананың қызмет ету мерзімін ұзарту. ИТТ компаниясы мына жағдайларда жылжу тоқтатқышын реттеуді ұсынады:

- клапанды орнатқан кезде;
- мембрананы ауыстырғаннан кейін;
- басқа кез келген техникалық қызмет көрсету процедурасынан кейін.

Жылжу тоқтатқышын реттеу үшін төмендегі процедуралардың бірін қолданыңыз. ИТТ компаниясы мүмкін болған кезде, жылжу (жабылу) тоқтатқышын ауа қысымымен реттеуді ұсынады.

Егер ...	Онда мына процедураны қолданыңыз ...
Сізде ауа қысымы бар болса	Жылжу (жабылу) тоқтатқышын ауа қысымымен реттеңіз
Сізде ауа қысымы жоқ	Жылжу (жабылу) тоқтатқышын ауа қысымынсыз реттеңіз

Жылжу (жабылу) тоқтатқышын ауа қысымымен реттеңіз

- Клапан сәл ашық тұрғанда клапанға дейінгі жаққа 150 фунт/ш. дюйм (маном.) (10 бар) ауа қысымын қолданыңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ:

Осы кезде тығыздағыштан тым көп сұйықтық ақпауын қамтамасыз етіңіз, әйтпесе майысқақ түтік желбіреп кетуі мүмкін.

- Клапаннан кейінгі жақты су ыдысына батырылған майысқақ түтікке жалғаңыз. Суда ауа көпіршіктері анық көрінуі керек.
- Сермерді шпиндельге бекітіп тұратын винтті алып тастаңыз.
- Сермерді ауа көпіршіктері тоқтағанша сағат тілі бағытымен бұраңыз.
- Сермерді төмен басып, винтті қайта орнатыңыз.
Осы қосылыстағы рұқсат етілген максималды момент — 32 дюйм-фунт (3,6 Н-м).

Жылжу (жабылу) тоқтатқышын ауа қысымынсыз реттеңіз

- Жүйе қысымы шығарылғаннан кейін, сермерді шпиндельге бекітіп тұратын винтті және сермерді шешіп алыңыз.
- Кілтті шпиндельдің жалпақ жерлерінен ұстатып, клапанды төмендегідей соңғы моментке дейін жабыңыз:

Мембрана мынадай болса ...	Онда мына моментке дейін жабыңыз ...
Эластомер	4 дюйм-фунт (0,45 Н-м)
ПТФЭ	6 дюйм-фунт (0,68 Н-м)

3. Сермерді шпиндельге кигізіп, төмен басыңыз да, винтті қайта орнатыңыз.
Осы қосылыстағы рұқсат етілген максималды момент — 32 дюйм-фунт (3,6 Н-м).

Майлау талаптары

ХАБАРЛАНДЫРУ:

Стандартты жағармайлар төменде көрсетілген. Оттегі не басқа ерекше қызметтер үшін арнайы жағармайлар қажет болуы мүмкін. Стандартты емес жағармайларға баға беруі үшін ІТТ компаниясына хабарласыңыз.

Жетекті клапандар қайта майлануға арналмаған. Жетек объектіде бөлшектенуге не құрастырылуға арналмаған.

Майлау кестесі

Қайта майлаудан бұрын қалдық майды кетіріңіз. Жетек құрылғылары бөлшектелген сайын шпиндельді, тығыздағыш сақиналарды (қолмен реттелетін COP жетек құрылғыларында) және түйісетін беттерді майлаңыз.


Жарамды жағармайлар

Бренд	Жағармай түрі
Chevron	FM ALC EP 2 (FDA талаптарына сай)
Fuchs	Cassida FM CSC EP2 (FDA талаптарына сай)

Бөлшектердің тізімі мен көлденең қима сызбалары

Қолмен реттелетін Bio-Pure жетек құрылғылары

Бөлшектер тізімі




#-сурет: 5

Элемент	Сипаттама	Материал	Саны
1	Корпус	Тот баспайтын болат	1
2	Винт	Тот баспайтын болат	4
3	Тығырық	Тот баспайтын болат	4
4	Компрессор	Тот баспайтын болат	1
5	Қалпақ	Тот баспайтын болат	1
6	Шпиндель	Тот баспайтын болат	1
7	Көрсеткіш жапсырма	Мylar	1
8	Сермер	Пластик	1
9	Винт	Тот баспайтын болат	1
10	Мембрана	Қажетінше	1
11 ¹	Тығыздағыш төсем	Қажетінше	1

¹ Ұсынылған қосалқы бөлшек

Қолмен реттелетін Bio-Pure COP жетек құрылғылары

Бөлшектер тізімі




#-сурет: 6

Элемент	Сипаттама	Материал	Саны
1	Корпус	Тот баспайтын болат	1
2	Винт	Тот баспайтын болат	4
3	Тығырық	Тот баспайтын болат	4
4	Компрессор	Тот баспайтын болат	1
5	Шпиндель	Тот баспайтын болат	1
6	Қалпақ	Тот баспайтын болат	1
7	Көрсеткіш жапсырма	Мулар	1
8	Тығыздағыш сақина	ФСК	1
9	Сермер	Пластик	1
10	Винт, өздігінен тығыздалатын	Тот баспайтын болат, ФСК	1
11	Мембрана	Қажетінше	1
12 ²	Тығыздағыш төсем	Қажетінше	1
13	Тығыздағыш сақина	ФСК	1

² Ұсынылған қосалқы бөлшек

Bio-Pure AXS жетегі

Бөлшектер тізімі



#-сурет: 7

Элемент	Сипаттама	Материал	Саны
1	Корпус	Тот баспайтын болат	1
2	Винт	Тот баспайтын болат	4
3	Тығырық	Тот баспайтын болат	4
4	Компрессор	Тот баспайтын болат	1
5	Шпиндель	Тот баспайтын болат	1
6	Қалпақ	Тот баспайтын болат	1
7	Жоғарғы қақпақ	Тот баспайтын болат	1
8	Көрсеткіш шпиндель	Тот баспайтын болат	1
9	Мембрана	Қажетінше	1
10 ³	Тығыздағыш төсем	Қажетінше	1

³ Ұсынылған қосалқы бөлшек

Осы құжаттың соңғы нұсқасын және толығырақ
ақпарат алу үшін біздің вебсайтқа кіріңіз:

www.engvalves.com



ENGINEERED FOR LIFE

ITT Engineered Valves
33 Centerville Road
Lancaster, PA 17603
USA

© 2017 ITT Inc. немесе оның толық меншігіндегі бөлімшелері
Түпнұсқалы нұсқау ағылшын тілінде жазылған. Ағылшыншадан
басқа тілдердегі нұсқаулар — түпнұсқалы нұсқаудың
аудармалары.

Форма IOM.BP.kk-kz.2017-11